

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1735>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1742>

***А. М. Ахметова¹, Б. Әбдіғазизұлы²**

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-0297-7804>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4191-9831>

*e-mail: aina-aisha@mail.ru

ЗЕЙНОЛЛА СӘНІКТІҢ «ЖЕЛІ БАСЫНДАҒЫ ЖЕЛПІНІС» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ЭТНО-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МӘНІ

Зерттеу мақалада этнограф-зерттеуші Зейнолла Сәніктің «Желі басындағы желпініс» әңгімесі негізгі зерттеу нысанына алынып, ұлттық этнография саласында іргелі ғылыми ой-тұжырымдар жүйелеген қаламгердің шағын проза жанрындағы көркем этнографиясының қыр-сыры ашылған. Көшпелі дала тіршілігіндегі адам мен табиғат үйлесімділігі, ата кәсіптің дамуындағы дәстүрлі таным-тәжірибені танытатын жылқы түлігіне қатысты естіліктер мен оның өз тұқымына адалдығы, өзара татулығы, жершілдік қасиеттері адам болмысымен параллель алынып, ұлттық сананың өзгеріске түсуі, ағайын арасындағы алауыздық оқиғалары, ата кәсіпті дамытудағы көкейтесті мәселелерді көтерудегі З. Сәніктің жазушылық шеберлігі тұңғыш рет жан-жақты талданған. Шағын көлемді әңгіме мәтініндегі этнографиялық бейнелеулер, халықтық салт-дәстүр, тұрмыс-тіршіліктің өткені мен бүгіні кейіпкер ой-санасы арқылы көркем кеңістікке еніп, жаңаша мән иеленгендігі қарастырылған. Дала тіршілігіндегі жылқы өсіру кәсібінің жыл мезгілдеріне қатысты рәсімдерінің мәні ашылып, сайын дала, желі байлау, атқұмарлық, бәйге, көш сияқты этнографиялық ұғымдардың, детальдардың кейіпкер тұлғасын ашудағы көркемдік қызметі айқындалған. Мақалада шығармадағы ұлттық құндылықтардың көркемдік тұрғыдан иерілуінің ерекше қыры ашылады. Фольклорлық таным мен көркемдік ұғымның аражігі жазушылық шеберлікпен сабақтасқандығы талданған.

Этнограф-зерттеушінің халықтық ұғымдарды көркем әдебиет поэтикасына енгізудегі өзіндік қолтаңбасына назар аударылған.

Кілтті сөздер: этнография, көшпелі тұрмыс, тұлпар, тектілік, салт-дәстүр, фольклор, поэтика.

Кіріспе

Тәуелсіздіктен бергі кезеңдегі қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңейтіп, арналы бір саласына айналған шетелдегі қазақ қаламгерлерінің шығармалары тақырыптық жағынан сан қырлы. Солардың қатарында халық тұрмысы мен салт-санасы жайында ғылыми еңбектерімен қатар көркем прозадағы өзіндік айшықтарымен дараланатын Зейнолла Сәніктің шығармашылығын зерттеу нысанына айналдырудың маңызы зор. Себебі, зерттеуші-қаламгер қазақ болмысындағы ежелден бергі салт пен тұрмыстың мол мағлұматтарын ғылыми еңбектеріне негіз етумен ғана шектелмей, прозалық туындыларында да этнографиялық деректерді әдебиеттің заңдылықтарын сақтай отырып, шығармашылықпен игерген көркем сөз зергері.

Қай халықтың рухани мәдениетінің пайда болуы мен даму жолында ортақ бір сипаттардың болуы байқалғанымен, әр халықтың материалдық, экономикалық, әлеуметтік жағдайына қарай әрбір елдің рухани байлығының дәрежесі ерекшеленеді.

Мақалада талданатын З. Сәніктің бұл әңгімесін жазуға бұған дейінгі этнография саласындағы ұзақ жылғы ізденісінің де ықпалы бар деп айтуға болады. Себебі «Этнография» атты зерттеу еңбегінің «Төрт түлік этнонимі» [1, 13-б.] деп аталатын бөлімінде төрт түлік жайын, соның ішінде жылқы малына қатысты қазақтың сан ғасырлық тіршілігінен туған өмір тәжірибесін терең тани білген зерттеуші ретінде бағалы ойлар тұжырымдаған. Мәселен, бір ғана жылқының түрі мен түсі, дене құрылысы, тұқымы жайында: «барлыққан жылқы», «қарлыққан жылқы», «жабық етті жылқы», «тісеген жылқы», «су жалды жылқы», «қоңылтақ жылқы», «ботегі жылқы», «тарпаң жылқы», «дөрбіт» жылқы т.б. атаулардың әрқайсының мәнін ашып, атбегілік өнердің қасиетін ашады. Қазақ халқы жылқының тектілігі, жанашырлығын көріп, оны төрт түлік малдың ішінен жоғары бағалаған. Өлемде жылқының «өте интеллектуалды жануар» екендігі мойындалған. Жылқы түлігінің бойындағы адалдық пен тектілік халқымыздың сәби дүниеге келгеннен басталатын барлық салт-дәстүріндегі атқарылатын рәсімдерінде маңызды рөл атқарған.

Дала тіршілігін, соның ішінде төрт түлік малдың әрқайсысына тән қасиетін зерделей білген халықтық сана жылқының өз тұқымына шаппайтын тазалығына ерекше ден қойып, жеті атаға дейін қыз алыспайтын өмірлік қағидаларымен сабақтастырған. Сондай-ақ жылқының бір үйірге бірлесіп өмір сүруге, аталық күшке бағынуға бейімділігі де қазақтың байырғы отбасылық жүйесіне ұқсас.

Ел үшін жауына дес бермеген халық батырларының қай-қайсының да есімімен қоса батырды жауда қалдырмаған тұлпарлары қатар аталады. Қазақтың жылқыны аса қадірлейтін көзқарасы өмірдің барлық саласына қатысты деуге болады. Мәселен, саналы ғұмырын өз жұртының бақыты үшін бел шешпей қызмет етуге арнаған адамды «ат үстінен түспеген» деп дәріптесе, белгілі бір билік иесін «атқа мінер» дейді. Өмірдің жарқын сәттерін ғана емес, қазақ халқы басына қайғы түскен азалы шағында да осы жанына жақын ұғымды тілге тиек етіп, жұбату айтқан. «Адам өмірінің өтпелілігі мен өлімнің хақтығын «тұяғы бүтін тұлпар жоқ», – дейтін бейнелеулермен ауыстырса, ал алдағы күннен үміт үзбеуді «арғымақтың тұяғы тасты басса кетілер, сазды басса жетілер» немесе «ат тұяғын тай басар» [2, 5-б.], – деп тұспалдаған. Сонымен қатар адамның ақырғы сапарына қатысты ат қойып жылау, марқұмның атын тұлдау рәсімдері мен ақ боз ат сойып той жасап, анттасатын рәсімдер жылқының қазақ жанының ажырамас бір бөлшегі болғандығының айғағы.

Мақалада талданып отырған З.Сәнік әңгімесінің арқауы осы жылқы түлігінің халық өміріндегі қадір-қасиетін көркемдік тұрғыдан қайта жаңғырту болып табылады. Бұл әдеби үрдіс орыс әдебиетінде XIX ғасырда да-ақ көрініс тапқан болатын. Ол жайында зерттеуші А. Л. Фокеевтің: «... жазушының адамгершілік-эстетикалық талғамын айқындайтын этико-психологиялық категорияның негізі терең тамырлы этникалық құндылықтардан тамыр тартады» [3, 17-б.] дейтін пікірі куә. Алайда қазақ әдебиетіндегі бұл заңдылықтар ұзақ уақыт бойына идеологиялық шектеулер салдарынан кең қанат жая алмады. Тәуелсіздіктен бергі кезеңде ғана жаңа бір серпіліс алды. Оның арналы бір саласы шетелдегі қандас қаламгерлер туындыларындағы этнографизм мәселелерін қарастыру болып табылады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу нысаны ретінде З. Сәніктің «Желі басындағы желпініс» әңгімесі таңдалды.

Тақырыпты зерттеуде талдау, жинақтау, салыстыру, герменевтика әдістерінің ұстанымдары басшылыққа алынды.

Материалдарға сипаттама

Зерттеу барысында З. Сәніктің көркем әңгімесінің фольклорлық-этнографиялық семантикасын ашу үшін қазақ әдебиеті мен фольклорының арақатынасын қарастырған соңғы жазылған ұжымдық монография, қазіргі заманғы әдеби тенденцияларды ғылыми сараптаған іргелі ғылыми еңбектер мен З. Сәніктің этнография ғылымындағы айтулы еңбегі негізге алынды.

Нәтижелер және талқылау

Зейнолла Сәніктің әңгімелерінің қай-қайсында да көркемдік суреттеулердің аясында дәстүрлі ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту үрдісі анық байқалады. Оның сипаты әр алуан. Ол кейіпкерлер

тұлғасын сомдауда, заман сипатын танытуда, сондай-ақ тілдік бейнелеулерде көрініс табады. Талданып отырған әңгімедегі нағашысы туралы баяндайтын жиен – нарратор сипатына ие. Әңгіме желісі нағашы мен жиен арасындағы мейірім мен қамқорлыққа толы қарым-қатынасты баяндайды. Дәстүрлі дүниетанымдағы нағашы мен жиен арасындағы қарым-қатынаста да жылқының маңызы зор болғандығы белгілі. Автор әңгімеде көбіне тыңдаушы кейпінде көрінетін жиеннің ой-сезімімен нағашысының бейнесін аша түседі. «Көп оқымағанымен, көкірегі сауатты, ел өмірі жөнінде, сахараның тайпалмаған жорғасындай жүріп тұр. Талай рет құлақ құрышымды қандырған жері бар» [4,7-6]. Кейіпкерлер жүйесінің өзінде дәстүрлі туыстық қатынас басты мән иеленген. Халқымыздың Ұл баланы ат байлар (ұстар)», – деп бейнелеуінің өзінде мән жатыр.

Қазақта «Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан» – дейтін қағиданы ұстана отырып, жазушы көкірегі шежірелі нағашы мен оның әрбір сөзіне мән беріп, жадына құйып отырған құйма құлақ, зерделі жиеннің сүйкімді образын сомдаған. Қыз баласын жат жұртқа бүкіл кәде-салтымен ұзататын қазақ қызының баласын «жиен» деп атап, оған ерекше мейіріммен қарап, әрбір кезде көңіл бөліп отырғандығына нағашылары жиендерін қамқорлықтарына алып, баулып, аталары оған үйірлі жылқының ішінен таңдап жүріп, тай мінгізетін, оған арнайы жылқы атап, «жиеннің бәсіресі», «бәсіре тай» немесе «жиенқұрық» деп атау берген. Көшпелі елдің салтына сәйкес, қазақ баласы үш жасынан атқа отырғызылып, атқа (ашамайға) мінгізу тойы тойланып, тойға келген көпшіліктің балаға тартуы да қамшы, садақ, шідер сияқты атқа, ер азаматқа қатысты заттар болған. Бұлардың барлығы халықтың ер баланы ерте жастан атқа мінуді меңгеріп, ел тұтқасына айналар ер боларлық қасиеттерге баулитын тағылымын танытады. Мұнан кейінгі өмірінің белесті бір кезеңі баланы сүндетке отырғызу мен сүндет тойы да баланың атқа міну тойы секілді думанмен өткерілетін тойдың бірі. «Мұнда да баланы арнаулы «Сүндет ат» деп аталатын атқа мінгізіп, сәндеп киіндіріп, үкі тағып, ауыл-аймақты аралатады, баланың өз аузымен тойға шақыртады. Дәстүрлі салт бойынша ойын-сауықтың бар түрі көрсетіледі. Баласы атқа мінгенде ата-анасы «Балам ат тізгінін ұстап азамат болды» деп қуанса, сүндетке отырғанда «Балам мұсылман санатына қосылды», – деп қуанады [5, 122-6.].

Талданып отырған әңгімедегі өзін тыңдаушы, қызықтаушы ретіндегі жиен де дәстүрлі танымдағы нағашыны аса қадірлейтін, құрмет тұтатын мінез иесі. Жылқы оның да жанына жақын. Сондықтан ол ел өмірі жайлы, халқымыздың ізгі дәстүрі жайлы танып-білуге құштар жан. Міне кейіпкерлер болмысындағы этнографиялық қасиеттің мәні арқылы да шығарма ерекшеленеді. Демек, шығармадағы жылқы атаулары мен оның қасиет, киесін шебер қолданысы арқылы З. Сәніктің халық тұрмысы мен салтының,

кәсібінің білгірі ретіндегі қыры шағын жанрдың өзінде өзгеше өрнек салуға қызмет еткен деп тұжырымдауға болады.

Әңгіме мәтіндегі өткен мен арасын жалғастырып тұрған жылқыға қатысты оқиғаларды еске түсіру мен естелік әңгіменің жалғасы арқылы төрт түліктің ішіндегі ерекше қасиеті ашыла түседі. Екі кейіпкердің ой санасы мен сезіміндегі далалық танымның арақатынасы әңгіме құрылымының әрбір сөз, сөйлеміне сіндірілген. Қазіргі әдебиеттану ғылымында көркем шығарма мәтіндегі осындай ұлттық құндылықтар табиғатын терендей танытудың жаңаша тәсілдері үрдіс алуда. Бұл индонезиялық ғалымдар тарапынан да тексерілген [6, 15-б.] мәтін құрылымын талдау әдісі шығармадағы этнографизм сипаттарын теңірек ашуға да мүмкіндік береді.

Жылқы тұқымын қадірлеу – ежелгі сақтар дәуірінде соғыстағы жауынгерлерге жеңіс сипат, кез-келген қауіп-қатерден қорғап жүреді деген сеніммен аттың тұяғын беліне байлап жүретін кезеңнен бергі жалғасып келе жатқан игі дәстүр.

Халықтың ғасырлар бойына қалыптасқан салты мен санасы халық өмірін реттеп отыратын белгілі бір жүйені құрайды. Ол жүйенің мәні: ғылымда этнографиялық ұғымдар мен категориялар тобымен сипатталады. «Этнографиялық (этномәдени) категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі – әлемдегі барлық халықтарға тән құбылыс» екенін ескере отырып, олардың «...этностың шаруашылық-экономикалық, мәдени, экологиялық, әлеуметтік тәжірибелері түзілген қоймаға...» [7, 13-б.] айналған.

Этнографиялық ұғымдар мен категориялар көркем әдебиетте поэтикалық мәнге ие болып әрі танымдық әрі эстетикалық, тағылымдық-тәрбиелік сипат иеленеді. Байырғы қазақтың тұрмыс-тіршілігіндегі қастерлі саналған төрт түлік ішінде жылқының маңызы ерекше. Сәбидің дүниеге келуінен бастап, бесікке салу, тұсау кесу, ашамайға отырғызу, тоқымқағар рәсімдерінен бастап, ат жалын тартып азаматтық жасқа жетіп үйленіп үй болғандағы атқарылатын салттық рәсімдердің бәрін де жылқы ғұрыптық, символдық әрі көркемдік маңызды мән иеленген. «Бұл көшпелі өмір кешкен әлем халықтарының көпшілігіне ортақ [8, 42-б.]. Дала перзентінің бүкіл өмір кезеңдеріндегі жылқы түлігіне деген ерекше көзқарасы мен қарым-қатынасы қазақ пен жылқы ұғымын егіз ұғатын көркемдік биіктікке жеткізген. Ал З.Сәніктің талданып отырған әңгімесінің тақырыбы осы жылқыны қастерлеу сезімінің тарихына орала отырып, жылқының қасиет-киесін таным-тіршілігі өзгере бастаған ұрпақтың жадында қайта жаңғыртады. Жастайынан жылқы сырын ұғып өскен қарт жылқышының ойын автор былайша суреттейді: «...жақсы аттың сезімталдығы, елгезектігі, құйрық-жалы төгіліп тұратын сұлулығы жақсы әйелде болатын сондай абзал мінездердің, көріктіліктің бейнесін елестетеді. Сондай-ақ жақсы атта болатын өр тұлғалы кең кеуде

халқымыздың еңселі, биік тұлғасын, қасына илікпейтін өрлігін көрсететін сияқты. Сонда менің ойымша, жылқы тұлғасының бойынан жақсы азаматтың да, жақсы әйелдің де, тіпті толағай тұлғалы халқымыздың да қасиетін табуға болатындай» [4, 72-б.]. Төрт түлік мал халықтың психикасына, сезіміне, тіліне, діліне де әсер еткені белгілі. Қазақ тілінің сөздік қорының мол бөлігін халық тіршілігінің негізі болған төрт түлік мал жайындағы сөз образдары құрайды.

Қазақтың далалық мінезінен ажырап, бір қаннан тараған туыстардың арасы ажырай бастаған өмірдегі келеңсіздіктерін жазушы халықтың өз өмірінің мысалымен, жанына жақын балаған жылқы өмірімен салғастыра отырып, тұспалды ой арқылы жеткізген. Әңгімедегі ұзақ уақыт бойына көріспеген ағайынды үш адамның астындағы аттары да бір айғыр үйірден тараған тұлпарлар болғандықтан, олар алғаш бірін-бірі көргенде адамнан артық бірі мен бірі емірене кісінескенін суреттейтін тұстар өте әсерлі. «Ағайынды үш адамның мінген аттары анадай жерден арқырап қоя берді, жақындап келгенде бірін-бірі иіскеп, оқыранып, еміренгендей, сағынғандай бейне білдірді. Ал ағайынды үшеу сүле-сапа амандасып, иек қағысып өте шықты» [4, 75-б.]. Бұл авторлық суреттеу артық түсіндіруді қажет етпейді. Зерделі оқырман іштей ой түйіп, жылқы малының қасиетін танып-білуге ынтыға түсері хақ.

Әңгімеде жылқының әр түрлі типтері тілге тиек етіледі. Мысалы, айғыр – әулетке ие әке бейнесінде ұғынылуы тек көркемдік әсірелеу емес. Өмір шындығынан туған бейнелеу. «Жақсы ат жатырына шаппайды» – деген мәтелдің мән-мағынасын тарата айтатын болсақ, жылқыдағы естілік пен тектіліктің басты көрінісі өз туыстарын үйіріндегі саяқтардың амандығын сақтап, қорғап айғырлық істемейтін қасиеті қазақтың қан тазалығын сақтайтын тектілігімен бара-бар алынады.

Әңгіменің желі басынан басталып, желі басында аяқталуының да символикалық мәні бар. Шығармадағы этнографиялық кеңістік – желі басындағы әңгіме арқылы автордың ұстанған негізгі идеясы – осы ата-жұрттың топырағын қадірлеу. Ана тіліміздегі ата - жұрт, атамекен, ата қоныс, туған топырақ ұғымдарының мәні терең. Онда халқымыздың ежелден бергі туған жеріне қатысты қастерленген ұғым-түсініктерінің жиынтығы көрініс тапқан.

Ел дәстүріндегі туған жерінен алыста қаза болса да еліне әкеп жерлеу, я болмаса бір уыс топырақ салу ұғымдарының аса үлкен мән иеленуі де осыған байланысты. «Жалпы жер ұғымы – ежелден бергі түсінік (мифтік, тәңірлік) бойынша, өзгермеудің, мәңгіліктің, тұрақтылықтың символы. Адам баласының туылғанда кіндік қаны тамған жері ретінде киелілікке ие. Сондықтан адам кіндік қаны тамған жерге байлаулы болады. Туған жер

ата-бабалардың өмір сүрген мекені, әрі жандарының жай тапқан орны. Бұл – аталар аруағын қадірлейтін ұғым үшін ең елеулі дәстүр [9, 126-б.].

Бізге дейінгі фольклорлық-этнографиялық іргелі зерттеу еңбектерде [10, 207-б.] адамның дүниеге келіп өмір сүрген ортасы әлемнің реттелген, игерілген бөлігі ал одан тыс кеңістікке қатысты сақтану, қорғану рәсімдері қалыптасқан көне мифтік ұғымдармен тамырласып жататындығы айтылады. Адам мен табиғат біртұтас ұғынылатын таным бойынша туған үй, туған жердің әрбір тасы мен суына дейін киелі деп есептелген. Бұл табиғатпен етене өмір кешкен көшпелі өмір тұрмысы да тіптен кеңейіп, жандана түскен. Фольклорлық сипаттаулардан бастап жазба әдебиетінің көркін келтірген поэтикалық бейнелеулерге дейін ұласқан. Мәселен, жылқының жақсысы адамның жақсысымен қатар қойылып, «Тұлпар түбін табады, жақсы адам елін табады» – деп тұжырымдалған.

«Көшпелі қоғамда қалыптасқан дәстүр, адам мен қоршаған орта байланысы этнографиялық категориялар арқылы сипатталады. Көркем туынды да сол сипаттар деталь, бейнелеу құралдарына айналып, нарративтік қызмет атқарады» [11, 144-б.].

Қытымыр қыстан аман-сау шығып, кең жайлауға қоныстанған көшпелі елдің айғыр үйірден сауылатын биелерді бөліп алып, арнайы тартылған желіге енесінен ажыраған құлынды байлап, мезгіл-мезгіл желі басында бие сауу ісі қызу жүретін қарбаласты әрі қызықты кезең болып табылады. Енесінің қасында еркін жүріп қалған құлындарды шалма, құрық арқылы епті жігіттер ғана ұстап, желіге байлай алады. Алғашында байлауға көндіккісі келмейтін жас құлын бас білгенше қатаң бақылауда болады. Бұл маусымдық мереке кезінде жылқыға, сүтке қатысты ғана емес, жалпы табиғатқа қатысты ырым-тиымдар қатал сақталған. Әйелдер бие сауатын көнек пен сабаны жуып, осы желі басында кептіреді және «мал-басымның құты көбейе берсін» деген ниетпен желіге тартылған арқанның басына, қазықтың басына, айғырдың жалына, биенің сауырына сары май жағу рәсімі өткеріледі [12, 26-б.]. Мысалы, құлын байланатын желі тартылу үшін алдымен, қазықтар қағылғанда қазық қағатын тоқпақтың басына ақ мата байланады.

Желінің өзін де оған қатысты ұғымдарды да аса қастерлегендіктен, «Желі, көгенді аттама», «Желі аттаған жарымас» – деп тұжырымдаған. Биебау күн шыға байланып, қас қарайғанда ағытылады. Сауын бие белгілі бір уақыт аралығында сауылып отырады.

Бұл сәтте атқарылатын ғұрыптық рәсімдердің барлығын ауылдың көпті көрген қариясы басқарады. Алғаш бие байланып желі тартылғанда ауыл ақсақалы арнайы бата берген. Ол батаның мазмұнында да бие байлауға қатысты этнографиялық ұғым-түсінік, детальдар мол көрініс тапқан.

«Я, Құдай жар болып,
Ұзарта гөр желісін,
Кеңейте гөр өрісін.
Жирен сақал Қамбар ата,
Байталына құлын телісін» [13, 121-б.].

Желіге қазықтың өзінің қалыптасқан қағылу реті бар яғни, әрбір бес құлын байланған соң бір қазық қағылатын желі басы «биебау» деп аталады. Сауылуға іріктелген биелердің барлық құлындары желіге байланып болған соң, бүкіл ауыл бала-шағасымен барлығы жиналып, желі басында «шашу шәй» ішеді. Онда да дастарханға құрт, ірімшік сияқты ұлттық тамақтар қойылып, «байлар көбейсін» деген тілек айтысып, ақсақал батасын береді. Биебау рәсімінен кейін қымыз ашытқан әрбір үйдің сол ауылдың үлкен кісілерін арнайы шақырып дәм таттыру рәсімі өтеді. Ол «қымызмұрындық» деп аталады. Демек, нағашы мен жиен арасындағы жылқы жайындағы әңгіменің бастауы да аяқталар тұсы да осы – желі басы. Нағашысы еске түсіру тәсілін пайдалана отырып, бір кездері түрлі себеппен сатылып кеткен жылқының қанша жыл өтсе де желі басын ұмытпауы арқылы туған жер қасиетін қадірлеуді меңзеген. «Жарықтық, желі басы ырыс қазығы ғой» – деп желі басына келсе рухтанып желпініп қалатын кейіпкердің бүкіл болмысына да жылқы рухы сіңген. Әңгімедегі нағашы мен жиеннің диалогындағы: «Жолшыбай соншалық мол егінді өңір, шым-шытырық қоржа, қалың ел, ұланғайыр дала... солардың бәрінен адаспай, еш пенденің қолына түспей, өз мекеніне жеткен [4, 77-б.], – дейтін таңданысына себеп болған оқиғалар жайында бірқатар этнограф зерттеушілер жазған.

Қазақы жылқылардың өз үйірі мен туып, өскен жеріне деген ерекше сүйіспеншілігі талай зерттеушілерді таң қалдырған. Бұл жайында қазақ жылқысы жайында арнайы қарастырған этнограф ғалым А. Тоқтабай [5, 28-б.] еңбектерінде қызғылықты мысалдар көп. Онда қазақ этнографиясының білгірі Жағда Бабалақұлы әкесі Құсайын Бабалықұлының қаракер атының Текес, Шәуешек, Үрімжі жерлерін басып өтіп, Текестен – Үрімжіге, Үрімжіден – Шәуешекке – асқар тау, құм, елсіз дала, көл өзенді жерлерді басып өтіп қашып келген оқиғасына өзінің куә болғанын жазады. Жылқының жершілдік қасиеті тіпті енесінің ішінде кетсе де сақталып, кейін енесінің жеріне қашып келген оқиғалары да болғандығы жайлы деректер берген.

3. Сәніктің бұл әңгімесінде жылқы малымен қатар алынатын көсілген көк жазықты дала, жайлау, буаз бие, сауын бие, сары қымыз ұғымдарының этнографиялық мәні терең. Дала тіршілігіндегі уақытты білдіретін сөздерге: бие байлар кезде, биенің бас сауымында, бие ағытарда, бие сауым уақыт тағы басқа сөз тіркестері жатады және оның мәні қазақтың төл тұрмысының сипаттары. Этнография саласында да елеулі із қалдырған қаламгер өзінің дала

этнонимін терең талдаған тұжырымдарының нәрін көркем шығармасына да сіндіріп жіберген деуге болады.

Ол ата кәсібіміз малшылық жайында: «Міне, біздің ата-бабаларымыздың сонау біздің жыл санауымыздан бұрынғы жабайы хайуандарды қолға үйретіп, оны өз игілігіне бағындырып, өз қажетіне жаратумен бірге басқа халықты да осы еңбегімен сүйіндірген. Еселі еңбектерінің ата тарихы осындай. Содан бері халқымыздың ата кәсібі аталып келе жатқан мал шаруашылығының қатардан қалып көргені жоқ. Тіпті үдеп, сан және сапа жағынан ірі ілгерлеушіліктерге қол жеткізді. Содан бері осы ата кәсіптің ұзақ тарихи үрдісі қазақ халқы арасында ауыл этнографиясы, түлік этнографиясы, дала-жайылым этнографиясы делінетін көптеген ұлттық этнографиялық дербес ұғымдар тудырды» [4, 136-б.], – деп ой тұжырымдайды.

3. Сәніктің «Этнография» еңбегіндегі қазақтың төрт түлік малының әрқайсысын сақтау, өсіру жайындағы ой-тұжырымдары тұрмыстық-тәжірибелік дәлдігімен және ата кәсіптің арғы тарихының бастауларын ғылыми зерделеуімен аса бағалы. Әсіресе халықтың ел болып құралуындағы «ауыл этнонимін» арнайы қарастырып, оның тамыр тегін ежелгі ру, тайпа ішіндегі аталық, жекжат, жамағайын қарым-қатынастарының арасындағы ішкі байланыс жағдайларымен қабат тереңдей зерделеуі өте құнды. Ауыл тұрмысының этнографиялық ерекшелігін сипаттай отырып, ауылдың ортақ мақсат-мүдде ортақтығы тіршілік көзі болған мал басын аман сақтау болғандығын баса көрсетеді. Көшпелі қазақ жұртының өріспен суатқа қатысты атаулар этнонимі де көп сырды аңғартады. «кең қоныс», «көктеу», «жайлау», «сала», «қара жал», «ойжайлау», «төре жайлау», «ақбастау», «қайыңды», «бүргентекше», «сары адыр», «миялы», «қопалы», «қамысты», т.б. Мұның барлығы – бүгінде тіршілік көзінен ауысып, ұмытыла бастаған ұғымдарды танытатын бағалы сөздер.

Осы мақалада талдау нысанына алынып отырған әңгімеде де автордың сөз қолданысындағы төрт түлікке қатысты этнонимдер оқырман жадында қайта жаңғырып оның мәнін білуге деген қызығушылықты тудырады. Мысалы, осындағы жылқының жынысына қатысты айтылатын айғыр, мама бие сөздерінің мәнісі бүгінгі оқырманның бәріне бірдей түсінікті деуге болмайды. Этнографиялық еңбектерде халқымызда саяққа түсетін еркек жылқы айғыр деп аталса, айғыр атауларын: айғыр, сәуірік айғыр, азбан айғыр, шақар айғыр деп ажырататындығы айтылады. Сондай-ақ, сүтінің аз-көптігіне қарай: мама бие, сүті қайтқан бие, суалған бие, мәнерсіз бие, ақ тандыр бие, ісіншек бие деп топтайды.

Жылқы малының көлемі үйір, қосақ, желімен өлшенген. Мысалы, үйір-үйір жылқы, қос-қос жылқы, желі-желі құлын, саба-саба қымыз, т.б.

Жылқы атаумен қатысты мақал-мәтелдер тілші ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелген. Ондай мақалдардың ішінде де ел бірлігін, ағайын татулығын алға тартатын мақалдар мен мәтелдер молынан ұшырасады: «Үйірінен айырылған айғыр ат болады, Көңілді қалдырған ағайын жат болады».

«Желі басындағы желпініс» әңгімесінің негізгі өзегі адамның адамға мейірімі, атап айтқанда, қазақтың ағайын арасындағы жаттану мәселесін көтере отырып, бірге туғандар арасындағы азғана кикілжіңнің тасбауырлыққа айналуының жағымсыз құбылыстарын өзінің жанына жақын төрт түліктің тіршілігімен параллель ала отырып, ұлағат айтады. Әйелінің сөзіне ерген ағайындылардың бірінің бауырлықтан қиыс кетуі әңгіменің негізгі діңгегі. «Қатын бала қақтығыс тудырғанда, әке берекеге ел болуы керек еді» [4, 75-б.], – дейді авторлық тұжырым.

Қорытынды

Қорыта келе, З. Сәніктің әңгімесінің түйіні: қазақ халқының атқұмарлық қасиетінің мәнін оның өмір сүру формасы көшпелі тіршілікпен байланыстыра отырып, екі ұрпақ өкілінің арасындағы көзқарастың, дәстүр жалғастығы мен ұлттық құндылықтарды тани білуді гибрат етеді. Біз осы мақалада талдаған З. Сәніктің «Желі басындағы желпініс» әңгімесінің мазмұнына осы қазақи ұғымдардың барлығы көркемдікпен көмкерілгендіктен де аса бағалы. Ендігі жерде жазушының осы әңгімесін басқа да көшпелі халықтар өміріндегі жылқының маңызын танытатын туындылармен салыстыра зерттеу қызғылықты мағлұматтар береді деп ойлаймыз. Себебі, көркем туындыдағы этнографиялық дерек, белгілерді түрлі ғылым тоғысында (тіл, әдебиет, этнография) өзара байланыста қарау ұлттық дүниетанымның тылсым қыр-сырларын ашуға мүмкіндік береді. Алайда әрбір ғылым саласының өзіндік заңдылықтарына сай игерілген этно-мәдени құндылықтар шеберлікпен пайдаланылғанда ғана ол ұлтты рухтандырып, өткеніне құрмет сезімін оятатын қасиетке ие болады.

Зерттеу нәтижелері З. Сәніктің мақалада талданған әңгімесіндегі бір ғана жылқы түлігінің қазақ өміріндегі сан қырлы маңызын ашуға негіз болатын тағылымдық-тәрбиелік және эстетикалық мәні жалпыхалықтық сипатқа ие құбылыс екенін көрсетеді. Өйткені сан ғасырлық тарихы бар ұлттық таным-түсінік оңайлықпен өзгере салмайды, Зейнолла Сәнік секілді қаламгерлердің этнография мен әдебиетті шығармашылықпен астастыра білген көркем туындылары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Көптомдық шығармалар жинағы. Қазақ этнографиясы / Ред. С. Зейнолла. Т. 8.. – Алматы : Ан-Арыс, 2017. – 328-б.
- 2 **Жақан, Д. С.** Халық мұрасының жанашыры (3.Сәніктің фольклорлық-этнографиялық мұрасы негізіндегі ғылыми-танымдық эссе). – Алматы : Мерей, 2021. – 344-б.
- 3 **Фокеев, А. Л.** Этнографическое направление в русском литературном процессе XIX века: истоки, тенденции, типология. – М., 2002. – 216 с.
- 4 **Зейнолла, С. М.** Көптомдық шығармалар жинағы. Шалқыма әңгіме-новеллалар, хикаяттары– Алматы : Ан-Арыс, 2017. – Т. 9. – 332-б.
- 5 **Тоқтабаев, А. У.** Қазақтардың XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы жылқы шаруашылығы (тарихи-этнографиялық зерттеу) / Тар.ғыл.канд... диссертация. 07.00.07. – Алматы, 1992. – 228-б.
- 6 **Novelti, N., Ramadhan, S.** Text learning model description using literature text // Journal titled Option. Vol. 35. – № 21. – 2019. – P. 14–21.
- 7 **Әлімбаев, Н.** Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1-том: А-Д. Энциклопедия /. – Алматы : DPS, 2011. – 738-б.
- 8 **Толыбаев, Қ.** Ұлттық дәстүр – рухани қазына. Жігіттің үш жұрты / Қ. Толыбаев. – Алматы : Қайнар, 1994. – 192-б.
- 9 **Лидов, А. М.** Создание сакральных пространств // 26.09.2017. [Электронный ресурс]. – URL: <https://postnauka.ru/>
- 10 **Mukhan, A., Yerdembekov, B., Matyzhanov, K.** Typological Characteristics of the Kazakh Family Folklore Características tipológicas del folklore familiar kazajo» // Artículos Utopía Y Praxis Latinoamericana. – Año. № 6. – 2020. – P. 40–49.
- 11 **Аймухамбет, Ж. Ә.** Абай өлеңдеріндегі көркем этнография // Қарағанды университетінің хабаршысы: «Филология» сериясы. – 2022. – № 3 (107). – Б. 137–144.
- 12 **Жақан, Д. С.** Отбасы тіршілігіне байланысты қастерленген ұғымдар. Қазақ фольклорының қастерлі әлемі / Ред. Д. Жақан. – Алматы : Сервис-центр, 2020. – 340-б.
- 13 **Кенжеахметов, С.** Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы : Кітап баспасы, 2004. – 310-б.

REFERENCES

- 1 **Zeynolla, S.** Kop tomdyq shygarmalar jinagy. Qazaq etnografiyasy [Collection of Multi-Volume Works. Kazakh Ethnography] [Text]. (Ed. S.Zeynolla). – Almaty : An-Arys, 2017. – Vol. 8. – 328 p.
- 2 **Zhakan, D. S.** Qalyq murasynyng janashyry (Z.Saniktyng folklorlyq-etnografiyalyq murasy negizindegi gylymy-tanymdyq esse) [Scientific and Educational Essay on the Basis of the Folklore and Ethnographic Heritage of Z. Sanik.] [Text]. – Almaty : Merey, 2021. – 344 p.
- 3 **Fokeev, A. L.** Etnograficheskoye napravleniye v russkom literaturnom protsesse XIX veka: istoki, prinadlezhat, tipologiya [Ethnographic Direction in the Russian Literary Process of the XIX Century: Origin, Trends, Typology.] [Text]. – M., 2002. – 216 p.
- 4 **Zeynolla, S.** Kop tomdyq shygarmalar jinagy. Shalqyma anggime-novellalar, kikaiattar [Collection of Multi-Volume Works [Text]. – Almaty : An-Arys, 2017. – Vol. 9. – 332 p.
- 5 **Toktabayev, A. U.** Qazaqtyng XIX gasyr men XX gasyrdyng basyndagy jylqy sharuashylygy (taryhy-etnografiyalyq zertteu) [Horse Breeding of Kazakhs of the XIX – Early XX Centuries (Historical and Ethnographic Research)] [Text] / Taryh.gyl.kand... dissertassiya. 07.00.07. – Almaty, 1992. – 228 p
- 6 **Novelti, N., Ramadhan, S.** Text learning model description using literature text // Journal titled Opcion. Vol. 35. – № 21. – 2019. – P. 14–21.
- 7 **Alimbay, N.** Qazaqtyng etnografiyalyq kategoriyalar, ugymdar men ataularynyng dasturly juyesi. 1-tom: A-D. Ensiklopediya [Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts, and Names. Volume 1, A.-D. Encyclopedia] [Text]. – Almaty : DPS, 2011. – 738 p.
- 8 **Tolybayev, K.** Ultyq dastur – ruhany qazyna. Jigitting ush jurty [National Tradition Is a Spiritual Treasure] [Text]/ K. Tolybayev. – Almaty : Qainar, 1994. – 192 p.
- 9 **Lidov, A. M.** Sozdaniye sakral'nykh prostranstv [Creation of Sacred Spaces] [Text]// 26.09.2017. [Electronic resource]. – URL: <https://postnauka.ru/>
- 10 **Mukhan A., Yerdembekov B., Matyghanov K.** Typological Characteristics of the Kazakh Family Folklore Caracteristicas tipológicas del folklore familiar kazajo» [Text]// Artículos Utopía Y Praxis Latinoamericana. – Año. №6. – 2020. – P. 40–49.
- 11 **Aimukhambet, Zh. A.** Abay olengderindegi korkem etnografiya [Artistic Ethnography in the Poems of Abai] [Text] // Bulletin of Karaganda University : Series «Philology». – 2022. – (3)107. – 137–144.
- 12 **Zhakan, D. S.** Otbasy tirshiligine baylanysty qasterlengen ugymdar [Revered Concepts Related to the Life of the Family]. Qazq folrlorynyng qastreli

alemi [The Sacred World of Kazakh Folklore] [Text]/ (Ed. D. Zhakan). – Almaty : Service Center, 2020. – 340 p.

13 **Kenzheakhmetov, S.** Qazaq qalqynyng salt-dasturlery [Traditions and Customs of the Kazakh People] [Text]. – Almaty : Book Publishing House, 2004. – 310 p.

22.01.25 ж. баспаға түсті.

03.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

16.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. М. Ахметова¹, Б. Абдигазиулы²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 22.01.25.

Поступило с исправлениями 03.04.25.

Принято в печать 16.02.26.

ЗНАЧЕНИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В РАССКАЗЕ ЗЕЙНОЛЛЫ САНИКА «КОЛЫХАНИЕ ВЕТРА»

В статье в качестве основного объекта исследования взят рассказ этнографа-исследователя Зейноллы Саника «Колыхание ветра», раскрыты тонкости художественной этнографии писателя, в которых систематизированы фундаментальные научные идеи в области отечественной этнографии. Впервые было всесторонне проанализировано мастерство З. Саника в поднятии актуальных проблем гармонии между человеком и природой в кочевой степной жизни, в проведении параллели между воспоминаниями касающихся лошадей, которые раскрывают национальное сознание и опыт народа, верность лошадей своей породе, их ум, взаимное дружелюбие, привязанность к родному краю и человеческим образом, трансформацией национального сознания, враждой между братьями. Было рассмотрено как этнографические изображения, народные обычаи и традиции, прошлое и настоящее изложенное в тексте небольшого рассказа проникли в художественное пространство через сознание героя и приобрели новое значение. Раскрывается сущность ритуалов коневодческой профессии в степной жизни, относящихся к временам года. В статье раскрывается особый аспект художественного освоения национальных ценностей в произведении. Анализируется связь фольклорных знаний с художественным

замыслом и писательским мастерством. Обращается внимание на собственный почерк этнографа-исследователя во внедрении народных понятий в поэтику художественной литературы. Определена художественная функция таких этнографических понятий и деталей, как широкая степь, привязывание аркана, коневодство, байга, кочевка посредством раскрытия личности героя.

Ключевые слова: этнография, кочевой быт, лошадь, благородное происхождение, традиция, фольклор, поэтика.

*А. М. Akhmetova¹, В. Abdigaziuly²

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 22.01.25.

Received in revised form 03.04.25.

Accepted for publication 16.02.26.

THE SIGNIFICANCE OF ETHNOCULTURAL VALUES IN ZEINOLLA SANIK'S STORY «THE SWAYING OF THE WIND»

The article takes as its main object of study the story of the famous writer, ethnographer-researcher Zeinolla Sanik «The Swaying of the Wind», reveals subtleties of the writer's artistic ethnography, which systematized fundamental scientific ideas in domestic ethnography. It was analyzed Z. Sanik's style in raising topical problems of harmony between man and nature in nomadic steppe life, in drawing parallels between memories relating to horses that revealed national consciousness, experience of people, fidelity of horses to their breed, their intelligence, mutual friendliness, attachment to the native land and human image, transformation of national consciousness, enmity between brothers. The article reveals a special aspect of the artistic development of national values in the work. The relationship between folklore knowledge and artistic design and writing skills is analyzed. Attention is paid to the ethnographer-researcher's own handwriting in the implementation of folk concepts in the poetics of literary literature. The essence of rituals of horse breeding profession in nomadic life in context of seasons was revealed, the artistic function of such ethnographic concepts and details as the wide steppe, lasso tying, horse breeding, baiga, and nomadism was determined by disclosing hero's personality.

Keywords: ethnography, nomadic life, horse, noble origin, tradition, folklore, poetics.

Теруге 16.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 27.03.2026 ж. кол койылды.

Электронды баспа

5,46 МБ RAM

Шартты баспа табағы 40,7. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исақова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4508

Сдано в набор 16.02.2026 г. Подписано в печать 27.03.2026 г.

Электронное издание

5,46 МБ RAM

Усл. печ. л. 40,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исақова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4508

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz